

**Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы
«Қостанай автомобиль көлігі колледжі» КМҚК**

Бекітемін
«Қостанай автомобиль
көлігі колледжі» КМҚК
директордың м.а.
_____ Д.И. Павленко

**Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы
«Қостанай автомобиль көлігі колледжі» КМҚК
ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Қостанай, 2021

1. Жалпы ереже

1. Осы техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай автомобиль көлігі колледжі» КМҚК –на оқуға қабылдау қағидалары (бұдан әрі-қағидалар) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 11) тармақшасына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді (бұдан әрі - техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына (бұдан әрі – ТЖКБ ұйымдары) оқуға қабылдау тәртібін айқындайды.

2. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай автомобиль көлігі колледжі» КМҚК (бұдан әрі-Колледж) негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ білім туралы құжатымен (куәлік, аттестат) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар қабылданады.

3.ТЖКБ ұйымдарына оқуға түсу кезінде Заңның 26-бабының 8-тармағында айқындалған адамдарды қабылдау квотасы көзделеді.

Қабылдау квотасының мөлшері «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 қаулысымен (бұдан әрі – № 264 қаулы) бекітілген.

2. «Қостанай автомобиль көлігі колледжі » КМҚК оқуға қабылдау тәртібі

4. Колледжде тұлғалардың оқуға өтініштерін қабылдау, білім алушылар құрамына қабылдау үшін 10 маусымнан кешіктірмей директордың бұйрығымен қабылдау комиссиясы құрылады, ол тақ саннан тұрады. Қабылдау комиссиясының құрамына Қамқоршылық кеңесінің (ол болмаған жағдайда – жұмыс берушілердің өкілдері), қоғамдық ұйымдардың және білім беру ұйымдарының өкілдері кіреді.

Комиссия мүшелерінің ішінен жауапты хатшы және техникалық хатшылар тағайындалады.

Қабылдау комиссиясының төрағасы білім беру ұйымының басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

Қабылдау комиссиясының және техникалық қызметкердің жұмысын ұйымдастыруды жауапты хатшы жүзеге асырады, ол сондай-ақ азаматтарды қабылдауды жүргізеді, қабылдау мәселесі бойынша азаматтардың жазбаша сұрау салуларына жауаптар береді, қабылдау комиссиясының ақпараттық материалдарын жариялауға дайындайды, әңгімелесуді дайындауды және өткізуді ұйымдастырады.

5. Қабылдау комиссиясының шешімі, егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса және қатысушылар санының көпшілік даусымен қабылданса, заңды деп есептеледі. Қабылдау комиссиясы мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Қабылдау комиссиясының қорытынды отырысында аудио-немесе бейнежазба жүргізіледі. Аудио-немесе бейнежазба ТЖКБ ұйымының архивінде кемінде бір жыл сақталады.

6. Карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде қабылдау комиссиясының жұмысын колледж ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүргізеді.

7. Колледждің қабылдау комиссиясының өңірлерге барып тұлғаларды оқуға қабылдау жұмысын ұйымдастыру мәселелері Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының келісімі бойынша шешіледі.

8. Адамдарды мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша колледжге білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша, арнайы оқу бағдарламалары бойынша, қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына сәйкес айқындалған колледждің жобалау мүмкіндігін ескере отырып, адамдардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13418 болып тіркелген) (бұдан әрі – №122 бұйрық) еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына сәйкес айқындалған.

Орта буын мамандарын даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша тұлғаларды оқуға қабылдау конкурстық негізде тұлғалардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

9. Тұлғалардың колледжге оқуға өтініштерін қабылдау:

– орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс бойынша **оқудың күндізгі нысанына негізгі орта білім беру (9 – сынып) базасында күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 18 тамызы аралығында, күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 тамызы аралығында жалпы орта (11 – сынып), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру базасында ақылы негізде-күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 25 тамызы аралығында, оқудың сырттай нысанына күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында**

10. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы колледжге (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) «Электрондық үкіметтің» веб-порталына (бұдан әрі – портал) жүгінеді және «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі - Стандарт) сәйкес **құжаттар топтамасын** ұсынады):

- 1) құжаттарды қабылдау туралы өтініш;
- 2) білімі туралы құжаттың түпнұсқасы;
- 3) көлемі 3x4 см, 4 дана фотосурет;
- 4) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген № 075-У нысанындағы медициналық анықтама, I және II топтағы мүгедектер мен бала кезінен мүгедектер үшін 031-У нысаны бойынша Медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы; «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген);
- 5) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін). Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттарды жеке өзі немесе заңды өкілдері ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушылар – шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ мәртебесін айқындайтын, тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы белгісі бар құжатты ұсынады:

- 1) шетелдік-шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат;
- 2) азаматтығы жоқ адам-азаматтығы жоқ адамның куәлігі;
- 3) босқын-босқын куәлігі;
- 4) пана іздеуші тұлға-пана іздеуші тұлғаның куәлігі;
- 5) қандас – қандас куәлігі.

Порталға:

- 1) көрсетілетін қызметті алушының нақты тұрғылықты жерін көрсете отырып, оның өкілінің ЭСҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы көрсетілетін қызметті алушының ата-анасының (немесе өзге де заңды өкілдерінің) бірінің өтініші;
- 2) білім туралы құжаттың немесе білім туралы құжаттың электрондық көшірмесі;
- 3) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21579 болып тіркелген) бекітілген № 075-У нысаны бойынша медициналық анықтамалар құжаттарының электрондық көшірмелері, I және II топтағы мүгедектер мен бала кезінен мүгедектер үшін 031-У нысаны бойынша медициналық-әлеуметтік сараптама, «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген);
- 4) көлемі 3x4 см цифрлық фотосурет, көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші «Электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алу

Тұтынушыға «жеке кабинетіне» ЭСҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушыға қағидаларға сәйкес нысан бойынша құжаттардың қабылданғаны туралы:

1) тапсырылған құжаттар тізбесі;

2) құжаттарды қабылдаған қызметкердің тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), лауазымын, сондай-ақ оның байланыс деректерін қамтуға тиіс.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда, осы аумақтағы көрсетілетін қызметті алушылар шектеу іс-шараларын алып тастауға, төтенше жағдайдың қолданылуын тоқтатуға қарай осы тармақтың бірінші абзацының

4) тармақшасында және екінші абзацының 3) тармақшасында санамаланған құжаттарды тікелей білім беру ұйымдарына ұсынады.

11. Оқуға түсу үшін құжаттарды кәмелетке толған адамдар жеке өзі, кәмелетке толмағандар – заңды өкілінің қатысуымен ұсынады.

12. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасының қабылданғаны туралы қолхат беруді өтініш түскен күні не көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда жүзеге асырады, құжаттарды қабылдаудан бас тартады және қолхат береді.

13. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мәліметтерді Мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

14. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

15. Оқуға түсушілерден түскен өтініштер колледждің тіркеу журналдарына оқытудың нысандары бойынша тіркеледі.

16. Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін, сондай-ақ ТЖКБ бар орта буын мамандықтарына оқуға түсетін адамдар үшін әңгімелесу жүргізіледі. Қабылдау комиссиясы оқуға түсушімен тиісті бағыттар бойынша 20 минуттан артық емес жеке әңгімелесуді өткізеді. Әңгімелесуге арналған сұрақтар тізбесін қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

17. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда әңгімелесу ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүргізіледі.

18. Колледжге білікті жұмысшы кадрларды даярлауға оқуға түсушілер саны мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға бөлінген орындардан асып кеткен кезде оқуға қабылдау № 264 қаулыға сәйкес квота санатына сәйкес орташа конкурстық балл негізінде жүзеге асырылады.

19. Колледждің қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың **25 маусымынан бастап** білім беру ұйымының сайтында орташа конкурстық балын көрсете отырып, қабылдау квотасы көзделген талапкерлер мен тұлғалардың тізімдік құрамын қалыптастырады және оның күнделікті жаңартылуын қамтамасыз етеді.

20. Колледжге ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды оқуға қабылдау медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар әңгімелесуге өтініш берген кезде медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысында (медициналық анықтамада) көрсетілген ұсынымдар мен қарсы көрсетілім-дерге сәйкес, сондай-ақ таңдап алынған мамандықтарға қойылатын біліктілік талаптарын ескере отырып, мамандықтар мен біліктіліктерді таңдайды.

21. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға түсетін тұлғалар күнтізбелік жылдың 20 маусымынан бастап кәсіптік диагностикадан (сауалнама) өту және конкурсқа қатысу үшін білім басқармасының ақпараттық жүйесіне тіркеледі.

22. Кәсіби диагностиканың қорытындысы бойынша талапкерге мамандықтар мен ұсынылатын мамандықтар бойынша кәсіптер картасын алуға ұсынымдар беріледі. Кәсіби диагностиканың қорытындылары ұсынымдық сипатта болады.

23. Орта буын мамандықтары бойынша конкурсқа негізгі орта, жалпы орта білім беру базасында оқуға түсетін адамдар, сондай-ақ білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған адамдар қатысады.

Конкурсқа қатысу үшін оқуға түсушілер негізгі орта білім беру базасында күнтізбелік жылдың **18 тамызына дейін**, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру базасында күнтізбелік жылдың **20 тамызына дейін** білім басқармасының ақпараттық жүйесіне өтініш береді.

24. Конкурсқа өтініш берген кезде оқуға түсушілер облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары бекіткен төрт мамандыққа, біліктілікке (қажет болған жағдайда), ТЖКБ-мен кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты орналастыру жөніндегі комиссиялар бекіткен ТЖКБ-нің төрт ұйымына дейін, оқыту тілін (қазақ, орыс), білім деңгейін таңдайды және Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы дайындайтын конкурсты өткізу жөніндегі бірыңғай нұсқаулықпен танысады.

25. Колледж 8-тармақта көрсетілген тұлғалардың өтініштері бойынша қабылдауды жүзеге асырады және қабылданған талапкерлерді күнтізбелік жылдың **26 тамызына дейін** мамандығын, біліктілігін көрсете отырып, білім басқармасының ақпараттық жүйесіне тіркейді.

26. Конкурссты білім басқармасы талапкерлерді қабылдау квотасын ескере отырып, білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейінді пәндерді бағалаудың орташа конкурстық балына автоматты түрде бөлу арқылы өткізеді.

Талапкерлерді автоматты түрде бөлуді білім басқармасы айқындаған ақпараттық жүйе (білім беру платформасы) жүзеге асырады.

27. Негізгі орта білім беру базасында оқуға түсушілер арасындағы конкурс күнтізбелік жылдың **19 тамызы мен -22 тамызы** аралығында, жалпы орта білім беру, ТЖКБ базасында күнтізбелік жылдың **22 тамызы мен 25 тамызы** аралығында өткізіледі.

28. Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша жалпы білім беретін және бейіндік пәндер тізбесі:

- ✓ негізгі орта білім беру базасында – бейіндік пән 1, бейіндік пән 2, орыс тілі (орыс тілінде оқытатын мектептер үшін) немесе қазақ тілі (қазақ тілінде оқытатын мектептер үшін)

- ✓ жалпы орта білім беру базасында – бейіндік пән 1, бейіндік пән 2, орыс тілі (орыс тілінде оқытатын мектептер үшін) немесе қазақ тілі (қазақ тілінде оқытатын мектептер үшін), Қазақстан тарихы

№	Мамандық	Біліктілігі	Міндетті пән	Міндетті пән (11сынып)	Бейіндік пән 1	Бейіндік пән 2
1	07140100 Технологиялық процестерді автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)	4S07140102 Техник - электромеханик	Қазақ тілі немесе орыс тілі		Алгебра	Физика
2	07151100 Машиналар мен жабдықтарды пайдалану және техникалық қызмет көрсету (өнеркәсіп салалары бойынша)	4S07151102 Техник- механик	Қазақ тілі немесе орыс тілі		Физика	Информатика
3	07151300 Қара металдар металлургиясы (түрлері бойынша)	4S07151304 Техник - металлург	Қазақ тілі немесе орыс тілі		Алгебра	Физика
4	07150300 Токарлық іс (түрлері бойынша)	4S07150304 Техник - технолог	Қазақ тілі немесе орыс тілі		Алгебра	Физика
5	07150100 Машина жасау технологиясы	4S07150105 Техник - технолог	Қазақ тілі немесе орыс тілі		Алгебра	Физика
6	07140500 Сандық техника (түрлері)	4S07140504 Техник –	Қазақ тілі немесе орыс тілі		Алгебра	Информатика

	бойынша)	электроншы				
7	07150500 Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	3W07150501 Электргазбен дәнекерлеуші	Қазақ тілі немесе орыс тілі		Алгебра	Физика
8	07161300 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	4S07161304 Техник – механик	Қазақ тілі немесе орыс тілі	Қазақстан тарихы	Алгебра	Физика
		3W07161301 Автомобильдерді жөндеу жөніндегі слесарь	Қазақ тілі немесе орыс тілі		Алгебра	Физика
		3W07161302 Электрик по ремонту автомобильного электрооборудования	Қазақ тілі немесе орыс тілі		Алгебра	Физика
9	07310200 Геодезия және картография	4S07310201 Техник – геодезист	Қазақ тілі немесе орыс тілі		Алгебра	География
10	07320700 Автомобиль жолдары мен	4S07320703 Техник –	Қазақ тілі немесе орыс тілі		Алгебра	Физика

	аэродромдар құрылысы және пайдалану	құрылысшы				
11	10410300 Автомобиль көлігінде тасымал- дауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару	4S10410302 Техник	Қазақ тілі немесе орыс тілі		Алгебра	Физика

29. Орташа конкурстық балл (бұдан әрі – ОКБ) пәндер/пәндер (бұдан әрі-ПБ/ПБ) үшін олардың жалпы санына бағалау сомасының орташа мәні ретінде айқындалады.

30. Бағалардың орташа балы қалыптасады:

негізгі орта білімі бар оқуға түсушілер үшін (9 – сынып) - үш пән: міндетті пән (қазақ тілі немесе орыс тілі), мамандық бейіні бойынша екі пән бойынша бағалардан/баллдардан;:

ОКБ = (МП1/МП1+БП1/БПД1+ БП2/БП2)/БС

Мұнда: МП1 / МП1-міндетті / пән / пән үшін бағалар 1;

БП1 / БП1-бірінші бейіндік пән/пән үшін бағалар 1;

БП2 / БП2-екінші бейіндік пән/пән үшін бағалар 2;

БС -бағалау саны;

- ✓ Жалпы орта білімі бар оқуға түсушілер үшін ТЖКБ-төрт пән: міндетті пәндер/пәндер (қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы) және мамандық бейіні бойынша екі пән/пән бойынша бағалардан:

ОКБ = (МП1/МП1+МП2/МП2+ БП1/БП1+БП2/БП2)/БС

Мұнда: МП1 / МП1-міндетті / пән / пән үшін бағалар 1;

МП2/БП2 - міндетті/пән / пән үшін бағалар 2;

БП1 / БП1-бірінші бейіндік пән/пән үшін бағалар 1;

БП 2 / БП2-екінші бейіндік пән/пән үшін бағалар 2;

БС-бағалау саны;

31. Орташа конкурстық балл тең болған кезде білім туралы құжаттың орташа балы, сондай-ақ № 264 қаулыға сәйкес квота санаты ескеріледі.

32. Оқуға түсушілер арасындағы әңгімелесу қорытындысы бойынша қабылданған талапкерлерді мамандығы, біліктілігі көрсетілген білім басқармасының ақпараттық жүйесіне тіркейді.

33. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша бөлінбеген орындар, мамандықтар бойынша топтар (15 адамнан кем) жинақталмаған, қамтылмаған талапкерлер болған кезде күнтізбелік жылдың 29 тамызы аралығында №122 бұйрыққа сәйкес мамандықтар және ТЖКБ ұйымдары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын қайта бөлу жүргізіледі.

34. Білім басқармасы негізгі орта білім беру базасында оқуға түсушілер арасында конкурс **қорытындыларын** ресми интернет - ресурстарда күнтізбелік жылдың **23 тамызында**, жалпы орта білім беру базасында күнтізбелік жылдың **25 тамызында** жариялайды, сондай – ақ талапкерлерді конкурстың қорытындылары туралы ақпараттық жүйе арқылы хабардар етеді.

35. Конкурс қорытындысы бойынша талапкер білім алушылар құрамына қабылдау үшін колледжге құжаттар пакетін тапсырады.

36. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау **қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасы негізінде колледж директорының бұйрығымен** жүргізіледі:

1) оқудың күндізгі формасына - **күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін;**

2) сырттай оқу формасына - **күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегіне дейін.**

Білікті **жұмысшы кадрларды** даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау:

1) оқудың күндізгі формасына - **әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін;**

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» Мемлекеттік бағдарламасына қатысушыларды оқуға қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 қарашадағы № 646 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17800 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

37. Есепке алу нәтижелері туралы ақпарат оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі:

- ✓ күндізгі оқу формасына- күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін, білікті жұмысшы кадрларды даярлауға күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін,
- ✓ сырттай оқу формасына – күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегіне дейін колледждің ақпараттық стендтерінде немесе интернет ресурстарында орналастыру жолымен қабылдау комиссияларымен жіберіледі.

**Көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды алғаны туралы
қолхат**

Оқу орны

(оқу орнының атауы)

—
(елді мекеннің, ауданның, қаланың және облыстың атауы)

Құжаттарды қабылдау туралы қолхат №____

_____ келесі құжаттар алынды:

(көрсетілетін қызметті алушының Т. А. Ә, (бар болса))

1. Өтініш

2.

Т. А. Ә. қабылдады (болған жағдайда) _____ (қолы)

"__" _____ 20__ж.